

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**ҚР Қаржыгерлер қауымдастығы кеңесінің төрайымы Елена БАХМУТОВА: «Әрбір салымшы өзінің зейнетақы жинақтарының қандай табыс әкелетінін және зейнетке шыққан сәтте оның шотында қанша жинақ болуы керек екенін білуі қажет. Бұл өмір салтының қалыпты нормасына айналуы тиіс!»**

«БЖЗҚ» АҚ «Зейнетақы жүйесі туралы сұхбат» жобасы аясында сарапшылармен пікір алмасуын жалғастыруда.

Зейнетақы туралы ойлануды қашан бастау керек? Қазақстанда зейнетақы активтерін кім басқарады? Инвестициялық саясатта қандай өзгерістер болып жатыр және олардың қайсысы аса маңызды? Инвестициялық портфельді басқарушылардың стратегиялары кімдерге арналған? «Үндеместер» деп кімдерді атайды? Неліктен зейнет жасына жақындаған кейбір азаматтардың зейнетақы жинақтары аз?

Кезекті эксклюзивті сұхбатымызда **ҚР Қаржыгерлер қауымдастығы кеңесінің төрайымы Елена БАХМУТОВА** осы және басқа да сұрақтарға жауап беріп, Қазақстанның зейнетақы жүйесіндегі соңғы реформалар туралы ой-пікірін ортаға салады. Сондай-ақ зейнетақы жинақтарын басқарушыны таңдау жөнінде өз кеңестерімен бөліседі.

Сұхбатты БЖЗҚ/ЕНПФ-тің YouTube арнасынан көріңіз!

<https://youtu.be/uZjdFWXh7QQ>

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы қызықты әрі пайдалы ақпарат алу үшін БЖЗҚ ЕНПФ YouTube арнасына жазылыңыз!

*БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*